

## Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 маусымдағы N 559

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін (бұдан әрі - Банк) дамытудың перспективаларын айқындау мақсатында, оның әлеуметтік маңызын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен және Қазақстан Акционерлік Халықтық жинақ Банкімен келісе отырып, екі апталық мерзім ішінде Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің 1997-2001 жылдарға арналған бағдарламасына толықтырулар мен өзгерістерді әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қ а р а у ы н а е н г і з с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру департаменті 1998 жылдың 10 шілдесіне дейін заңдарда белгіленген тәртіппен Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақырсын және онда м ы н а д а й мәселелерді қ а р а с ы н :

1311900000 (бір миллиард үш жүз он бір миллион тоғыз жүз мың) теңге сомасына Банктің акцияларының үшінші эмиссиясын тіркеу және орналастыру жолымен Банктің жарғылық капиталын арттыру туралы;

акциялардың мемлекеттік пакетін Банктің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін құралған пайдасын капиталдандырудың есебінен 1010700000 (бір миллиард он миллион жеті жүз мың) теңге сомасына арттыру туралы;

бір акция үшін ең жоғары баға деген өлшем бойынша отандық инвесторлардың арасында тендер өткізу арқылы сатудан түскен пайданы Банктің капиталына бағыттай отырып, 301200000 (үш жүз миллион екі жүз мың) теңге сомасына жарғылық капиталдың 10%-і мөлшеріндегі Банк акцияларының үшінші эмиссиясының бір бөлігін с а т у т у р а л ы ;

тендерді ұйымдастыруды ведомствоаралық комиссияға жүктеу туралы;  
Банктің үшінші эмиссиясының акцияларын сату жөнінде тендер

өткізу жөніндегі Комиссияның ұсынылып отырған ережесі мен жеке құрамын (қоса беріліп отыр) бекіту туралы.

3.

ЕСКЕРТУ. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.06. N 1247 қаулысымен.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 мамырдағы N 402 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 мамырдағы N 402 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 мамырдағы N 487 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 18 маусымдағы  
N 559 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің үшінші  
эмиссиясының акцияларын сату бойынша тендер өткізу  
жөніндегі комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің үшінші эмиссиясының акцияларын сату бойынша тендер өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің акцияларының сатылатын пакетін сатып алу құқығына алуға қажетті талаптарға жауап беретін инвесторды айқындау үшін білікті отандық инвесторлардың арасында тендер өткізу мақсатында құрылады.

2. Комиссия алқалы орган болып табылады. Комиссияның құрамына

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Ұлттық Банкінің (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (келісім бойынша), басқа да мемлекеттік органдардың және Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің өкілдері кіреді.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.

## II. Комиссияның функциялары

4. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) акциялардың бастапқы құнынан төмен болмайтын бастапқы бағасын бекітеді;

2) білікті отандық инвесторларды тендерге жіберудің шарттарын, оның ішінде:

отандық инвестордың жарғылық капиталында шетелдік қатысушының болмауын;

қатысушының, сатылатын акцияларды сатып алған жағдайда, меншік иесі құқығын алған күннен бастап оларды алты айдың ішінде оқшауламау міндеттемесін белгілейді;

3) тендерді өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайды;

4) тендерге қатысуға рұқсат етілген білікті отандық инвесторлардың арасында

ө т к і з е д і ;

5) тендердің жеңімпазын айқындайды;

6) тендерді өткізудің нәтижелері туралы хаттаманы ресімдейді.

5 . К о м и с с и я н ы ң :

тендерге қатысуға рұқсат берілген отандық инвесторлардан қосымша ақпарат алуға;

Комиссияның жұмысына сарапшыларды, мамандандырылған консалтингтік және өзге де ұйымдарды тартуға;

өз құзыретінің шегінде Комиссия шешімдерінің орындалуына бақылау мен тексеру жасауды жүзеге асыруға құқығы бар.

## III. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияны оның қызметіне басшылық жасайтын, жұмысын ұйымдастыратын

Т ө р а ғ а б а с қ а р а д ы .

7. Комиссияның атаулы құрамын Банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді.

8. Комиссияның мәжілісі Комиссия төрағасының бастамашылығы бойынша немесе Комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің талап етуі бойынша шақырылады. Комиссияның мәжілісі Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып табылады.

9. Комиссияның әр мүшесінің бір дауысы болады.

10. Комиссияның шешімі қатысып отырған Комиссия мүшелерінің

жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның мүшесі Комиссия қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда, ол өзінің ерекше пікірін баяндауға құқылы.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға Комиссияның мәжіліске қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 19 маусымдағы  
N 559 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің үшінші  
эмиссиясының акцияларын сату бойынша жабық тендер  
өткізу жөніндегі комиссияның

#### ҚҰРАМЫ

- Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, комиссияның төрағасы
- Дауылбаев А.К. - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі
- Ыдырысов А.Т. - Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі басқармасы төрағасының бірінші орынбасары
- Кулинов У.Д. - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының атқарушы директоры-мүшесі (келісім бойынша)
- Нәлібаев А.З. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Сәрсенбаев Н.А. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық  
жоспарлау және реформалар жөніндегі  
агенттігі төрағасының орынбасары

Утепов Э.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Мемлекеттік мүлік  
және жекешелендіру департаменті  
директорының бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК